

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Дөңгелек сандарды қосамыз және азайтамыз

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.06.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/76072/>

## Қысқа мерзімді жоспар

<b>Пәні : математика</b>		<b>Мектеп: №18 Ү. Ноғайбаев атындағы орта мектеп</b>	
<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> Жунусбекова Смагуль Турсынбаевна			
<b>Сынып: 1</b>	<b>Қатысқандар:</b>	<b>Қатыспағандар:</b>	
<b>Ортақ тақырып:</b>	Өзім туралы		
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	1.1.2.5 ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды/ 20 көлеміндегі сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау		
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Дөңгелек сандарды қосамыз және азайтамыз		
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Ондықтан аттамай, бір таңбалы 20 көлеміндегі сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуға байланысты берілген тапсырмаларды орындау		
	<b>Көптеген оқушылар:</b> 20-ға дейінгі сандар тізбегін/ондықтармен 100-ге дейінгі сандар тізбегін құрастыру арқылы, есептер шығару , дәлелдеу		
	<b>Кейбір оқушылар:</b> 100 көлеміндегі сандарға суреттер арқылы, жұмбақтар құрастыра алу.		
<b>Бағалау критерийі</b>	<b>1.</b> Ондықтан аттамай, 20 көлеміндегі сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындайды. <b>2.</b> 20-ға дейінгі сандар тізбегін/ондықтармен 100-ге дейінгі сандар тізбегін құрастырады, дәлелдейді. <b>3.</b> 100 көлеміндегі сандар, суреттер, жұмбақтар құрастыра алады.		



Сабақтың ортасы

**Саралау тәсілі «Қарқын»**  
**№2.тапсырма ««Бір қадам алға...» әдісі арқылы оқушылардың жылдамдығын арттырамын.**  
 Ондықтан аттамай, 20 көлеміндегі сандарды ондықтарды ауызша қосу және азайтуды тура және кері санайды, жазады.  
 10,20,30,40,50,60,70,80,90,100  
 100,90,80,70,60,50,40,30,20,10  
 Интербелсенді тақтаны пайдалану арқылы сандарды қазақша,орысша,ағылшынша айтқызамын  
 Ондық — десятки — dozens  
 Дөңгелек сан - круглые десятки- round scores  
 Он-десять-ten  
 Жиырма-двадцать-twenty  
**Бағалау критерийі:**  
 Ондықтан аттамай, 20 көлеміндегі сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындайды.  
**Дескриптор**  
 Оқушылар ондықтан аттамай, 20 көлеміндегі сандармен санайды, ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындайды.  
**Кері байланыс:** «INSERT.» әдісі

5-минут

Білемін +	Білгім келеді V	Білмеймін ?

**Мұғалімнің түсіндірмесі**сурет көрсету арқылы  
 Дөңгелек сандарды қосуды және азайтуды үйрету,түсіндіру,жазылуын көрсету.  
 $10+20 = 1$  онд+2 онд = 3 онд=30  
 $30-10=3$  онд -1 онд=2 онд=20  
 Оқулықтағы берілген суреттер арқылы бірліктермен санату арқылы ондықты шығарып алу  
 $5+5+5+5+5+5=30=3$  онд  
 екінші сурет бойынша ондықпен санату арқылы дөңгелек сандарды шығарту.  
 $10+10+10+10=40=4$  онд  
 $3$  онд+4 онд=? онд  
 $30+40=?$   
**Саралау түрі -тапсырма**  
**Тапсырма №3. (Т)«Ұшқыр ой ?»** әдісі арқылы әр топқа кима қағаздар таратып беремін.Торсықта қандай ондық сандар жасырынып тұрғанын табу керек.  
**1 топ** Торсық+10+10+10= 60  
**2 топ** Торсық -10-10-10=60  
**3-топ** Торсық -10-10-10=30  
**4-топ** Торсық+10+10+10=30  
**Бағалау критерийі.**  
 20-ға дейінгі сандар тізбегін/ондықтармен100-ге дейінгі сандар тізбегін құрастыра алады  
**Дескриптор:**  
 Дөңгелек сандарды қосу әдісін түсінеді  
**Кері байланыс.**  
**«Бағдаршам» әдісі арқылы кері байланыс орнатамын**

Сабақтың соңы

**Саралау тәсілі: диалог және қолдау көрсету тәсілі**  
 Тапсырма **№4 (Ж)«Ой толғау»** әдісі бойынша өз бетінше дөңгелек сандармен жұмбақ құрастыру.  
 Мен бір сан ойладым.Ол санға 50 қосқанда 80 шықты.  
 Мен қандай сан ойладым?  
**Бағалау критерийі.**  
 100 көлеміндегі сандар, суреттер, жұмбақтар құрастыра алады.  
**Дескриптор**  
 100 көлеміндегі сандарды пайдалана отырып қосу азайту амалына өрнектер құрады.  
**Кері байланыс; «Көршіңе көмектес »**  
**Сергіту сәті «Бес саусақ»**  
**Саралау тәсілі; жіктеу түрі**  
**Тапсырма №4 «Үштік» әдісті пайдалану арқылы 4 топқа тапсырма беремін.**  
 Жабық конвертте дөңгелек сандарды қосу ,азайтуға байланысты құрылған өрнектер беріледі.  
 Дөңгелек ондықтарды бірлік ондықтармен алмастырады.  
 Бірлік ондықтарды дөңгелек ондықтармен алмастырады.  
**Бағалау критерийі.**  
 Оқушылар берілген тапсырмаға сәйкес өрнектерді ондықтармен жіктеп жазады және бірлік ондықтармен алмастыра алады.  
**Дескриптор**  
 Тапсырмаға сәйкес дөңгелек ондықтарды жіктей алады.  
**Кері байланыс :**  
 «Б.Б.Б» кестесін толтыру.

Кері байланыс

Үйге тапсырма

Білемін	Білгім келеді	Білмеймін

	<p>Дөңгелек сандарға қосу ,азайту амалдарына байланысты 5мысал жазып келу.</p>	<p>Оқулық және дәптер.</p> <p>сандар</p> <p>АКТ</p> <p>кесте</p> <p>Оқулықтағы суреттер</p> <p>АКТ</p> <p>Қима қағаз</p> <p>Суреттер</p> <p>Бағдаршам суреті</p> <p>Үштік әдіс</p> <p>+</p> <p>Жабық конверт</p>
--	--	--

	Қосымша мәліметтер	
Саралау - оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қояды жоспарлап отырсыз?	Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Мен қолданған саралау түрлері: тапсырма, диалог, жіктеу арқылы оқушыларға оқыту деңгейіне қарай беріп отырдым.	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы.
Оқушылардың сабақты қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, топтық жұмыстарды, жеке жұмыстарды ұйымдастырамын.	Тапсырмаларға берілген дескрипторлар арқылы оқушыларды бағалаймын. Сұрақтарды ауызша талқылау барысында оқушылардың жауаптарын қадағалап, беріп отырамын. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігіне қарай мадақтаймын. Топтық бағалауды қолданамын. Кері байланыс арқылы өзін-өзі бағалауды ұйымдастырамын.	Техника қауіпсіздігін, өмір қауіпсіздігін сақтауды ескертемін.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері дұрыс сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Оқу мақсаты өзгермейді. Осы оқу мақсатына қарай сабақ мақсатын қолжетімді құрылды. Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді. Себебі, саралау сабақ кезеңінде дұрыс бағытта жүргізіліп отырды. Сабақтың уақыттық кезеңдері дұрыс сақталды. Себебі, мұғалім сабақты жоспарлаған кезде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, қызықты тапсырмалар болды. Сабақ жоспарынан ауытқулар болған жоқ. Сабақ жоспарындағы берілген тапсырмалар толығымен орындалады.	
<p><b>Жалпы бағалау</b>  <b>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?</b>  <b>1: «Қарқын әдісі», «Ұшқыр ой», «Ой толғау» әдістерін пайдалану арқылы оқушылардың ой өрісін қызығушылығын арттырдым.</b>  <b>2. Топтық жұмыста ынтымақтастық орнатылды.</b>  <b>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал әсер етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</b>  <b>1: Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар үлестіру. 2: АКТ қолдану.</b>  <b>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</b>  <b>Келесі сабақта әр оқушы деңгейіне қарай жекелеген тапсырмаларды оқу мақсатына қарай саралап беру туралы шешім қабылдадым.</b></p>		